

КЕЛІСЕМІН

Астана қаласының «Тіндерді
дамыту және архив ісі» КММ
басқармасы
Басшы С.Есіркеп


2023 ж. «11» қаңтар



БЕКІТЕМІН

Астана қаласы әкімдігінің
«Руханият» КММ
Басшы ма. С.Б. Досжанова

2023 ж. «11» қаңтар



Мемлекеттік тілді

А1 деңгейі бойынша оқытуға арналған 100 сағаттық

БАҒДАРЛАМА

Астана, 2023ж

Астана қаласы әкімдігінің Тілдерді дамыту және архив ісі жөніндегі басқармасы
«Руханият» КММ

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН БАҒДАРЛАМА

Астана, 2023

ТҮСІНІКТЕМЕ ХАТ

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл-қазақ тілі. Қазақ тілінің қоғамдық қызметін кеңейтіп,оның маңызын, қажеттілігін табиғи түрде арттыру, жан-жақты дамытудың бірден-бір жолы-тілді оқытуды, үйретуді тиімді жүзеге асыру,оқыту сапасына қаған талап қою, тіл қолданушының өздігінен білім алуын ұйымдастыру, оның нәтижелеріне тұрақты бақылау жасау.Тілді меңгеру деңгейлеп оқыту негізінде сатылы түрде жүретіндіктен, әр деңгей түпкі мақсатына қарай тіл қолданушының коммуникативтік құзыреттілік деңгейін анықтауды қажет етеді.

Заңнамалық құжатта тілді меңгеру жүйесінің үш компонентті негізі-мемлекеттік тілді оқытып-үйретудің әдіснамасын жетілдіру, мемлекеттік тілді үйретудің инфрақұрылымын кеңейту және меңгерту үдерісін көтермелеу айқын анықталған.Аталған бағыттардың қтарында үздіксіз білім берудің моделін жасау арқылы қазақ тілі бойынша білім берудің стандарттарын жетілдіру және мемлекеттік тілді меңгерудің деңгейлерін бағалаудың жүйесін ендіру міндеттеріне басым көңіл бөлінген.

Заңнамалық нұсқаулар қазақстандық қоғам мүшелерінің тілді үйренуге деген қазіргі сұраныстарын жан-жақты ескере отырып, білім кеңістігінде қазақ тілін үйретудің бірегей тұтастығын қалыптастыру, қазақ тілін оқытудың мазмұнын одан әрі безендіру, жүйелеу, жетілдіру міндеттерін жүктейді.

Осы талаптарды жүзеге асыру мүддесінде қазақ тілін оқытудың талаптарын анықтайтын ҚР СТ 1926-2015, ҚР СТ 1928-2015, ҚР СТ 1929-2015,ҚР СТ 1925-2015,ҚР СТ 1927-2015 Қазақстан Республикасының Ұлттық стандарттарына сәйкес «**ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН ТИПТІК БАҒДАРЛАМА**» (қазақ тілін шетел тілі немесе екінші тіл ретінде оқыту әдістемесі) негізінде дайындалған.

Бағдарламаның мақсаты:

Тіл үйренушінің қарапайым және базалық деңгейлер (А1-А2) көлемінде күнделікті-тұрғыстық, тұрмыстық-кәсіби салаларда қазақ тілін алдын ала дайындықпен шектеулі қолдануы;орта және ортадан жоғары деңгейлер (В1-В2) көлемінде өз бетінше пайдалана алуы және жоғары деңгей (С1) көлемінде құзыретті түрде пайдалана алуы үшін әдістемеге негіздей отырып, жүйелеп ұсыну.

Міндеттері:

- өз ойын, пікірін еркін жеткізуге үйрету;
- тіл үйренушілерге іскерлік жазылым нормаларын меңгерту;
- қызмет бабында қолданылатын ісқағаздарды жазылым жұмыстар арқылы игерту;
- қатысымдық әрекеттерімен (тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім) жұмыс жасау;
- мамандығына қажетті терминдерді меңгерту.

Оқытудың құрылымы.

Қазақ тілін екінші тіл және шетел тілі ретінде меңгерту мақсатында Бағдарламада коммуникативтік әдістemenің негізгі ұстанымдары мен әдіс-тәсілдері басшылыққа алынған. Тілдік материалдар ең алдымен тіл үйренушінің коммуникацияға қатысу үшін қажетті және маңызды коммуникативтік ниеттер бойынша нақтыланған. Қарым-қатынас жағдаяттардың ерекшеліктері мен сөйлесім такырыптар ар деңгейде айқын берілген және жағдаяттар мен деңгейлер сайын кұрделене түсіп, барынша сабақтастықпен әрі жүйелі түрде топтастырылған.

Қазіргі қазақстандық қоғам мүшелерінің сұранысы бойынша қазақ тілін ресми-іскери мақсатта, кәсіби біліктілікті арттыру мүддесінде меңгеру мәселесіне байланысты болып отыр. Сондықтан ресми-іскери стильдің барлық үлгілері деңгейлер бойынша сатылы түрде қамтылған (мәселен, қарапайым деңгейде ресми-іс қағаздарының күнделікті тұрмыстық-әлеуметтік салаларда жиі қолданылатын үлгілерін меңгертетін тұрақты сөйлеу модельдері және олардың лексикасы мен грамматикалық құрылымы беріледі, осылайша бірте-бірте кұрделендіру арқылы үйренушіге жоғарғы деңгейде нормативтік құжаттардың тілдік құрылымын меңгертуге арналған лексика-грамматикалық минимум қамтылған).

Бағдарлама мазмұнындағы такырыптар мен жағдаяттардың шоғырлы, жинақы түрде берілуі тіл үйренетін мемлекеттік қызметшілердің, қарапайым тұрғындардың сұранысына, олардың мамандықтарына қарай тілді үйретуші маманның күнделікті жұмыс жоспарын, оқу-жұмыс жоспарын, осы Бағдарлама құрылымына негіздей отырып, жаңа әдістемелік ізденістер түзуіне бағыт бере отыра, шығармашылықпен жұмыс істеуіне тиімді мүмкіндік жасайды. Әр деңгей үшін 100 оқу сағаты ұсынылады.

**МЕМЛЕКЕТТІК ТҮЛДІ 41 ДЕНГЕЙІ БОЙЫНША ОҚЫТУҒА АРНАЛҒАН
100 САҒАТТЫҚ БАҒДАРЛАМА**

Бөлімі	Мазмұны	Лексикалық минимум	Грамматикалық тақырыбы
Фонетика (10 сағат)	Фонетика және оның салалары (2 сағат)	Танысу Метін тақырыбы «Өзім туралы» 14-б. [3] Сөздік қор (10-15сөз), 10-11-б. [2] Оқылуы: 3 рет Метін көлемі:100 сөз. Таныс емес сөздер саны: 3-4% Сұрау есімдігі: 4 сұрақ	1.Әліпби және оның құрамы. 2.Дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуі.
	Дыбыс және оның түрлері Буын түрлері және тасымал (4 сағат)	Отбасы Метін тақырыбы: «Отан -отбасынан басталады» 4-5-б. [3] Оқылуы: 3 рет Метін көлемі: 90 сөз. Таныс емес сөздер саны: 3-4% Сөздік қор (20-25сөз), 12-14-б. [2] Сұрау есімдігі: 3 сұрақ Сан есім: 20 сөз.	3.Қазақ тіліне тән дыбыстар 4.Дыбыстардың айтылуы мен жазылуы 5.Ашық, тұйық, бітеу буындар 6.Тасымалдың қолданылу ережелері
	Үндестік заңы. Екпін түрлері (4 сағат)	Мекенжай Метін тақырыбы:«Сіз қайда тұрасыз?» 4б-б. [1] Оқылуы: 3 рет Метін көлемі:100 сөз. Таныс емес сөздер саны: 3% Сөздік қор (20-30 сөз), 15-18-б. [2] Сұрау есімдігі: 8-9 сұрақ	7.Дыбыс үндестігі 8.Буын үндестігі 9.Сөз екпіні 10.Дыбыс екпіні
	Сұхбаттау. Аралық бақылау.	Сұхбаттау тақырыбы: «Отбасы-мекенім»	1 сағат
	Сөз құрамы.	Мамандық	1.Түбір және қосымша

Сөзжасам және морфология (40 сағат)	Зат есім және септіктер жүйесі (8 сағат)	Метін тақырыбы: «Қызмет түрлері» (мамандық, мекемелер, жұмыс) 24-25-б. [3] Оқылуы: 3 рет Метін көлемі: 100 сөз. Таныс емес сөздер саны: 3% Сөздік қор (25-30сөз), 18-20-б. [2]	2. Жалғау және жұрнақ 3. Жалпы және жалқы зат есімдер 4. Атау, ілік, барыс септіктері 5. Табыс, жатыс, шығыс, көмектес септіктері 6. Көптік жалғаулар 7. Тәуелдік жалғау, сөздердің тәуелденуі 8. Жіктік жалғау, сөздердің жіктелуі
	Сөздік қор минимумы бойынша аралық бақылау	Сөздік қор: 60-100 сөз аралығы	1 сағат
	Көмекші есімдер. Сын есім Сан есім (10 сағат)	Азық-түлік және экономика Метін тақырыбы: «Азық –түлік дүкенінде» 34-35-б. [3] Оқылуы: 3 рет Метін көлемі: 100-120 сөз. Таныс емес сөздер саны: 5% Сөздік қор (25-30сөз), 23-26-б. [2]	9. Есім сөздерге қатысты көмекші есімдер 10. Көмекші есімдердің септелуі 11. Сын есімінің түрлері 12. Сапалық және қатыстық сын есімдер 13. Жай шырай, салыстырмалы шырай 14. Сын есімінің орын тәртібі 15. Есептік сан есім мен зат есімінің тіркесі 16. Реттік сан есім мен зат есіммен тіркесі 17. Жинақтық сан есім мен күрделі сан есім 18. Сан есімінің орын тәртібі
	Есімдік (4 сағат)	Бос уақыт Метін тақырыбы: «Саяхат» 64-65-б. [3] Оқылуы: 3 рет Метін көлемі: 100-120 сөз. Таныс емес сөздер саны: 7% Сөздік қор (25-30сөз), 26-б. [2]	19. Есімдіктер. Жіктеу есімдіктері 20. Сілтеу, сұрау және өздік есімдіктері 21. Белгісіздік, болымсыздық есімдіктері 22. Есімдіктердің септелу ерекшеліктері

	Метін бойынша тыңдалым. Аралық бақылау Етістік. Үстеу (10 сағат)	Тыңдалым мәтінінің тақырыбы: «Сауда жасай білесіз бе?» А1 (146-бет, 1-тыңдалым) Ауа-райы Метін тақырыбы: «Экология» (қоршаған орта, көрікті жерлер, табиғат) 54-55-б. [3] Оқылуы: 3 рет Метін көлемі: 90 сөз. Таныс емес сөздер саны: 7 % Сөздік қор (40 сөз), 27-30-б. [2]	1 сағат 23. Осы шак, өткен шак, келер шак. 24. Қалып етістіктерінің қолдану ерекшеліктері 25. Болымды, болымсыз етістіктер 26. Етістік шактарының жіктелуі 27. Бұйыру, талап ету формасы 28. Өтіну формасы 29. Үстеудің мағыналық топтары. Мезгіл үстеу. 30. Мекен, сын-бейне үстеулері 31. Мөлшер үстеуі 32. Мақсат, себеп-салдар, үстеулері
	Шылау. Одағай мен окшау сөздер (8 сағат)	Киім Метін тақырыбы: «Мына көйлек неше теңге тұрады?» 121-б. [1] Тыңдалуы: 3 рет Метін көлемі: 100-120 сөз. Таныс емес сөздер саны: 7 % Сөздік қор (30 сөз), 31-32-б. [2]	33. Қоршаған орта мен адамның қалып-күйінің берілуі 34. Шылау түрлері 35. Жалғаулықтар 36. Демеуліктер 37. Көңіл-күй одағайлары 38. Жекіру, шакыру одағайлары. 39. Қаралпа сөздер 40. Қыстырма сөздер
	Тест Сөз. Сөз тіркесі (4 сағат)	Менің сүйікті ісім Метін тақырыбы: «Мен шахмат ойнауды жақсы көремін» 137-б. [1] Тыңдалуы: 3 рет Метін көлемі: 90-110 сөз. Таныс емес сөздер саны: 5 % Сөздік қор (20 сөз), 32-33-б. [2] Көсемше жұрнақтары, Етістік+есімше	1 сағат 1. Сөз. Сөз тіркесі 2. Еркін сөз тіркестерінің қолданысы 3. Атау сөз бен етістіктің байланысы 4. Сөздердің орын тәртібі

Сөйлем мүшелері (8 сағат) Синтаксис (20 сағат)	Сөйлем мүшелері (8 сағат)	Денсаулық-зор байлық Метін тақырыбы: «Спорт» (Спорт, салауатты өмір салты) 74-75-б. [3] Тыңдалуы: 3 рет Метін көлемі: 70-80 сөз. Таныс емес сөздер саны: 5 % Сөздік қор (30 сөз), 33-35-б. [2]	5.Сөйлемдегі субъект және предикат туралы ұғымдар. 6.Сөз таптарының сөйлемде атқаратын қызметтері. 7.Жай сөйлем түрлері 8. Сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. 9. Сөйлем құраудағы тұрлаусыз мүшелердің маңызы 10. Сөйлемдегі логикалық,мағыналық қатынас түрлері 11. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері 12. Сөйлем мүшелерін қайталау.
	Сөздік қор минимумы бойынша аралық бақылау	Сөздік қор: 150-180 сөз аралығы	1 сағат
	Жай сөйлем синтаксисі. (8 сағат)	Білім Метін тақырыбы: «Қазақ тілін білім келеді» 68-б. [4] Тыңдалуы: 3 рет Метін көлемі: 100 сөз. Таныс емес сөздер саны: 4 % Сөздік қор (20 сөз) Қалау рай Көмекші етістіктер Іс-қағазы: Өтініш	13.Жай сөйлем түрлері 14.Жай сөйлемдегі құрылымы және сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі. 15.Бастауыш пен баяндауыштың орын тәртібі 16.Қимыл-сынды,қимыл сапаны білдіретін сөздердің орын тәртібі. 17. Анықтайтын, нақтылайтын сөздердің орын тәртібі. 18. Жай сөйлемдердегі логикалық, мағыналық қатынас түрлері. 19.Іс-әрекеттің орындалмайтындығын білдіру мағынасы 20.Бірыңғай мүшелердің сөйлемді түрлендіруі
	Тест		1 сағат

Лексика 20 сағат	Сөз және оның мағынасы (6 сағат)	Өнер Метін тақырыбы: «Бейнелеу өнері» 94-95-б. [3] Тыңдалуы: 3 рет Метін көлемі: 100 сөз. Таныс емес сөздер саны: 7 % Сөздік қор (30 сөз) 35-36-б [2] Өткен шак Шақ формалары	1.Сөз мағынасы 2. Сөз жиынтығы 3. Сөздік қор 4. Жалпы есімдер 5. Жалқы есімдер 6. Жер-су атаулары
	Метін бойынша тыңдалым. Аралық бақылау	Тыңдалым метінінің тақырыбы: «Көрікті мекен фильмі» А1 (164-бет,1-тыңдалым)	1 сағат
	Сөздің мағыналық түрлері (8 сағат)	Тағам Метін тақырыбы: «Сіздің сүйікті асыңыз?» (мейрамхана, зиян,пайдалы тағамдар) 84-85-б. [3] Тыңдалуы: 3 рет Метін көлемі: 100 сөз. Таныс емес сөздер саны: 7 % Сөздік қор (30 сөз) 25-28-б. [2]	7. Мағыналас және қарсы мәндес сөздер 8.Омоним сөздер 9.Антоним сөздер 10.Синоним сөздер 11.Көп мағыналы сөздер 12. Сөздердің ауыспалы мағынасы 13. Сөздердің тура мағынасы 14.Түсіндірме сөздікпен жұмыс
	Сұхбаттасу. Аралық бақылау.	Сұхбаттасу тақырыбы: «Сіз қандай тағамға тапсырыс бересіз?»	1 сағат
	Фразеологизмдер (6 сағат)	Мереке Метін тақырыбы: «Сізге қай мереке ұнайды?» 200-201-б. [1] Тыңдалуы: 3 рет Метін көлемі: 100 сөз. Таныс емес сөздер саны: 7 % Сөздік қор (30 сөз) 36-38-б [2]	15.Тіркесті сөздер 16.Тұрақты тіркестердің мағынасы 17.Тұрақты сөйлеу үлгілері 18.Мақал-мәтелдердің мағынасын түсіну 19.Ақыл,өсиет, білімге байланысты нақыл сөздер. 20. Фразеологиялық сөздікпен жұмыс

	Сөздік қор минимумы бойынша аралық бақылау	Сөздік қор: 100-130 сөз аралығы	1 сағат
Бақылау	Қорытынды сынақ		1 сағат
		Тест (2 сағат) Аралық бақылау (7 сағат) Қорытынды сынақ (1 сағат)	
Барлығы	100 сағат		

БАҒДАРЛАМАДАҒЫ САҒАТТАР ЖҮЙЕСІ

Бөлімі	Бағалау сынамалары	Сағат саны
Фонетика		10 сағат
	1.Сұхбаттасу. Аралық бақылау.	1 сағат
		40 сағат
	2.Сөздік қор минимумы бойынша аралық бақылау	1 сағат
Морфология		
	3.Мәтін бойынша тыңдалым. Аралық бақылау	1 сағат
	4.ТЕСТ	1 сағат
		20 сағат
Синтаксис	5.Сөздік қор минимумы бойынша аралық бақылау	1 сағат
	6.ТЕСТ	1 сағат
		20 сағат
Лексика	7.Сұхбаттасу. Аралық бақылау.	1 сағат
	8.Мәтін бойынша тыңдалым. Аралық бақылау	1 сағат
	9.Сөздік қор минимумы бойынша аралық бақылау	1 сағат
	10.Қорытынды сынақ	1 сағат
Бақылау	Тест (2 сағат) Аралық бақылау (7 сағат) Қорытынды сынақ (1 сағат)	
Барлығы		100 сағат

БАҒАЛАУ СЫНАМАЛАРЫНА НҰСҚАУЛЫҚ

А1 деңгейін оқыту барысында тыңдаушыдан 10 сағат сынама бақылаулар алынады:

I. Лексика-грамматикалық тест-15 сұрақ.

II. Аралық бақылау:

1. Сұхбаттасу. Аралық бақылау. (Сұхбаттасуда берілген тақырып бойынша тыңдаушымен диалог арқылы сұхбаттар жүргізу).

2. Сөздік қор минимумы бойынша аралық бақылау. (Өтілген тақырыптар бойынша тыңдаушыдан сөздік қорын сұрау).

3. Метін бойынша тыңдалым. Аралық бақылау. (Берілген мәтінді тыңдату арқылы тыңдаушыларға тапсырма орындату. А.Қ.Балабеков «Қазақ тілі: тыңдалым, Астана, 2018). ZOOM бағдарламасы бойынша. Кестені бөліммен келісе отырып қойылсын.

III. Қорытынды сынақ

1. Лексика-грамматикалық тест-15 сұрақ.

2. Диктант.

3. Тыңдалым. (Берілген мәтінді тыңдату арқылы тыңдаушыларға тапсырма орындату).

4. Оқылым. (Берілген мәтінді тыңдаушыға мәнерлеп оқыту).

Негізгі әдебиеттер:

1. ҚР СТ 1926-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері.Қарапайым деңгей.Жалпы меңгеру»;
2. ҚР СТ 1928-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері.Базалық деңгей.Жалпы меңгеру»;
3. ҚР СТ 1929-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері. Орта деңгей.Жалпы меңгеру»;
4. ҚР СТ 1925-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері.Ортадан жоғары деңгей.Жалпы меңгеру»;
5. ҚР СТ 1927-2015 «Қазақ тілін меңгерудің коммуникативтік тілдік құзыреттіліктері.Жоғары деңгей.Жалпы меңгеру»;
6. Қазақ грамматикасы.Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис.-Астана,2002.-784бет.
7. Исаев С.М. Қазақ тілі.Оқу құралы.-Алматы, 1993ж

Қосымша әдебиеттер:

1. Күзекова З.С. Қазақ тілі практикумы.Астана ,2010ж.
2. Күзекова З.С. Қазақ тілі тестілеу теориясы мен практикасы.Көмекші құрал (Күзекова З.С.,Пазылова Г.С., Әбдіресілов Е.Қ.)Алматы,2009ж.
3. Күзекова З.С. Қазақ тілі практикумы.Грамматикалық жаттығулар жинағы. Тілді оқытып-үйретудің ортаңғы, жалғастыру кезеңіне арналған оқу-құралы (В1,В2)Астана,2010ж
4. Әлімбек Г. Қазақ тілі (бастауыш, жалғастырушы, орта деңгейге арналған) Астана,2009ж.
5. Қазақ тілінің грамматикасы. І.Морфология.Алматы,1976ж.
6. Алдашева А. Қазақ тілі.Алматы, 1974
7. Дүсіпбаева Қ.С. Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына арналған оқу-әдістемелік кешен.Өскемен: ШҚМУ баспасы,2005ж.
8. Р.Сыздық редакциясымен, қазақ тілінің орфографиялық сөздігі:53000сөз.-Алматы:Арыс,2005
9. Д.Е.Рысқалиева. Қазақ тілі - Астана: Арман-ПВ 2014.